

Техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2017-2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 561 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 31 шілдеде № 15404 болып тіркелді

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2017 - 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 386 қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2017-2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің қазақ және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін мерзімді баспа басылымдарына және "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2017 жылғы 27 шілдедегі
№ 561 бұйрығына
қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға

2017-2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/с №	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары	Бөлінген орындардың саны	Мамандықтардың атауы	Мамандық бойынша бөлінген орындардың саны
1	2	3	4	5
	Республикалық жоғары медициналық колледжі	225, оның ішінде 75 қазақ тілінде білім алушылар	Мейіргер ісі	100, оның ішінде 50 қазақ тілінде білім алушылар, "Массажист" біліктілігімен 16 орыс тілінде білім алушылар
			Зертханалық диагностика, Медициналық зертханашы" біліктілігі	" 50, оның ішінде 25 қазақ тілінде білім алушылар
			"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат	50 орыс тілінде білім алушылар
			Гигиена және эпидемиология, Гигиенист эпидемиолог" біліктілігі	" 25 қазақ тілінде білім алушылар
2.	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы	150 қазақ тілінде білім алушылар	Емдеу ісі	50 қазақ тілінде білім алушылар
			Фармация	50 қазақ тілінде білім алушылар
			Мейіргер ісі	25 қазақ тілінде білім алушылар
			"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат	25 қазақ тілінде білім алушылар

3.	"Эмили" медициналық орталығы	25 орыс тілінде білім алушылар	Мейіргер ісі	25 орыс тілінде білім алушылар
----	------------------------------------	-----------------------------------	--------------	--------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК